

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс, цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 21 мамырдағы № 86-VIII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім):

16-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын.

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 48-баптың 1-тармағының 11) тармақшасындағы "байланыс пен энергетика мұқтажы үшін" деген сөздер "энергетика мен байланыс мұқтажы үшін, оның ішінде осы Кодекстің 119-бабына сәйкес ұялы, спутниктік байланыс жабдығына арналған антенна-дiңгектi құрылысжайларды және (немесе) тіреуіштерді салу үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 69-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) байланыс желілері мен құрылысжайларын салу;"

3) 115-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі "станцияларын" деген сөзден кейін " және талшықты-оптикалық байланыс желілерін" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 119-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "қажеттеріне арналған жерге" деген сөздер "мұқтажына арналған жерге талшықты-оптикалық байланыс желілерін," деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне:

19-1-баптың 9-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық белгілерін қамтитын ғарыштық мониторингтеу деректері."

4. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

187-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "баланың анасы туралы барлық қажетті мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), сондай-ақ баланың туған күнін, айын, жылын және жынысын," деген сөздер "баланың анасы туралы барлық қажетті мәліметтерді, оның ішінде тегін, атын, әкесінің атын (егер бар болса),

сондай-ақ баланың туған күнін, жынысын және жеке сәйкестендіру нөмірін," деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 100-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 9-4) тармақшамен толықтырылсын

:"9-4) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен өңірлерде мемлекеттік технологиялық саясаттың іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асырады;"

2) 116-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) байланыс құралдарын, сондай-ақ талшықты-оптикалық байланыс желілерін тарту үшін электр берудің әуе желілерінің тіреуіштерін орналастыру үшін орындарды мүліктік жалдауға (жалға беруге) арналған шекті тарифтерді бекітеді.";

3) мынадай мазмұндағы 123-1-баппен толықтырылсын:

"123-1-бап. Байланыс құралдарын, сондай-ақ талшықты-оптикалық байланыс желілерін тарту үшін электр берудің әуе желілерінің тіреуіштерін орналастыру үшін орындарды мүліктік жалдауға (жалға беруге) арналған шекті тарифтер

Мемлекет Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасына сәйкес байланыс құралдарын, сондай-ақ талшықты-оптикалық байланыс желілерін тарту үшін электр берудің әуе желілерінің тіреуіштерін орналастыру үшін орындарды мүліктік жалдауға (жалға беруге) арналған шекті тарифтерді реттейді.";

4) 129-бапта:

2-тармақтағы "7, 8," деген цифрлар "7, 7-1, 8," деген цифрлармен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Осы бапты, осы Кодекстің 130-бабының 1-тармағын, 131-1, 136, 143, 151, 153, 154, 155, 156 және 157-баптарын қоспағанда, осы тараудың күші, егер "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру нысанында мемлекеттік бақылауды автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, осы бақылауды жүзеге асыруға қолданылмайды.";

5) 241-3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) инновациялық жүйенің тиімділігіне тәуелсіз талдау жүргізу үшін инновациялар мен технологияларды дамыту жөніндегі шараларды іске асыру туралы инновациялық обсерваторияға жыл сайынғы ақпаратты береді.";

6) 241-5-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиісті саланы технологиялық болжамдауды жүзеге асыру, нысаналы технологиялық бағдарламаны әзірлеу мен іске асыруға жәрдемдесу, жеделдетілген

технологиялық даму үшін әлемдік технологиялық трендтерді мониторингтеу, ағымдағы жағдайлар мен бәсекелестік артықшылықтарды, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қажеттілігі мен мүдделілігін айқындау, тиісті саланың кәсіпкерлік субъектілері арасында инновациялық қызметтің үздік практикалары мен тәжірибесін таратуға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасына шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру технологиялық құзыреттердің салалық орталықтарының негізгі міндеттері болып табылады.";

4-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Технологиялық саясатты іске асыру үшін технологиялық құзыреттердің салалық орталықтары тиісті мемлекеттік органдар бекітетін нысаналы технологиялық бағдарламаларды әзірлейді.";

екінші бөлік "саланың" деген сөзден кейін "(салалардың)" деген сөзбен толықтырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде, оның ішінде шетелдік инвестициялар тарту арқылы нысаналы технологиялық бағдарламаны іске асыруға қатысады.";

7) 241-6-баптың 2-тармағында:

екінші бөлік "әзірлей отырып," деген сөздерден кейін "оның ішінде ақпараттық жүйе арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары және жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілетті өзге де ұйымдар инновациялық жүйенің тиімділігіне тәуелсіз талдау жүргізу үшін инновациялар мен технологияларды дамыту жөніндегі шараларды іске асыру туралы инновациялық обсерваторияға жыл сайынғы ақпаратты береді.";

8) 23-1-тарау мынадай мазмұндағы 241-10-баппен толықтырылсын:

"241-10-бап. Инновациялық жобаларды сынамалауға арналған эксперименттік режим

1. Айрықша нормативтік құқықтық реттеуді белгілеуді талап ететін инновациялық жобаларды сынамалау мақсатында эксперименттік режим енгізілуі мүмкін.

Инновациялық жобаларды сынамалауға арналған эксперименттік режим "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген пилоттық жобалар үшін қолданылатын талаптарға сәйкес енгізіледі.

2. Инновациялық жобаларды сынамалауға арналған эксперименттік режим белгілі бір мерзімге және эксперименттік режимге қатысуға келісім білдірген адамдардың белгілі бір тобына қатысты енгізіледі.

3. Инновациялық жобаларды сынамалауға арналған эксперименттік режим қоғам мен мемлекет үшін теріс салдар туындатпауға және адамның өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне, қоршаған ортаға зиян және (немесе) қандай да бір залал келтірмеуге тиіс.

Инновациялық жобаларды сынамалауға арналған эксперименттік режимді енгізу алдында ықтимал тәуекелдерді болғызбауға және (немесе) барынша азайтуға бағытталған шараларды әзірлеу үшін жан-жақты талдау жүргізілуге тиіс.

4. Инновациялық жобаларды сынамалауға арналған эксперименттік режимді енгізуге инновациялық жүйе, кәсіпкерлік, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері, өзге де жеке және заңды тұлғалар бастамашы бола алады.

5. Инновациялық жобаларды сынамалауға арналған эксперименттік режимге бастамашы болу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

6. Қаржы ресурстарын шоғырландыруға және (немесе) төлем қызметтеріне байланысты қаржы саласындағы қызметте инновациялық жобаларды сынамалауға арналған эксперименттік режим "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеудің айрықша режимі шеңберінде енгізіледі."

6. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде:

437-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Электрондық кедендік алып жүруді Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасына сәйкес айқындайтын тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы байланыс арналары бойынша сигнал беру арқылы көлік құралының орналасқан жерін айқындауға мүмкіндік беретін спутниктік навигация жүйесінің техникалық жабдығы орнатылған көлік құралын қадағалау, оның жүріп-тұруын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырады.";

5 және 6-тармақтардағы "халықаралық автомобиль тасымалдарын" деген сөздер "тасымалдарды" деген сөзбен ауыстырылсын.

7. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

66-баптың 2-тармағының екінші бөлігі "ұсынған есептерді" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық белгілерін қамтитын ғарыштық мониторингтеу деректерін" деген сөздермен толықтырылсын.

8. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 58-бап мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

"16-1) "электрондық денсаулық сақтаудың" ақпараттық-коммуникациялық платформасы – уәкілетті органның қызметін автоматтандыруға, Ұлттық электрондық денсаулық паспортын қалыптастыруға, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған түрде жинауға, өңдеуге, сақтауға арналған технологиялық платформа;"

2) мынадай мазмұндағы 59-1-баппен толықтырылсын:

"59-1-бап. Цифрлық денсаулық сақтаудың уәкілетті ұйымы

"Электрондық денсаулық сақтаудың" ақпараттық-коммуникациялық платформасын құру, енгізу, дамыту, қолдап отыру, сондай-ақ оның жұмыс істеуін және цифрлық денсаулық сақтау субъектілерімен ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын цифрлық денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті ұйым жүзеге асырады."

9. 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексіне:

174-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі "деректерді," деген сөзден кейін " сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық белгілерін қамтитын ғарыштық мониторингтеу деректерін" деген сөздермен толықтырылсын.

10. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап:

мынадай мазмұндағы 5-2), 8-1), 8-2), 8-3) және 8-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-2) қадағалау объектісі – Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жасалған, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын тауарлар (өнімдер) мен көлік құралдары;"

"8-1) навигациялық пломба – пломбалау элементі мен электрондық блоктан тұратын, навигациялық спутниктік жүйелер технологиялары негізінде жұмыс істейтін және қадағалау объектісіне қатысы бар ақпаратты беруді қамтамасыз ететін, Еуразиялық экономикалық одақ құқығында белгіленген талаптарға жауап беретін техникалық құрылғы;

8-2) навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды қадағалау – навигациялық пломбаны іске қосуды, қадағалау объектісін бақылап отыруды, навигациялық пломбаны істен шығаруды және қадағалау объектісін бақылап отыру процесінде алынған деректерді беруді қамтитын процесс;

8-3) тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесі – навигациялық спутниктік жүйелердің технологиялары мен навигациялық пломба негізінде жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенді қоса алғандағы ақпараттық жүйе;

8-4) тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы – навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды қадағалауды қамтамасыз ететін заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңда пайдаланылатын өзге де ұғымдар навигациялық пломбаларды пайдаланып, тасымалдарды қадағалау мақсатында Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жасалған, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда, Қазақстан Республикасының заңнамасында пайдаланылатын мағынада қолданылады."

2) мынадай мазмұндағы 6-1 және 6-2-баптармен толықтырылсын:

"6-1-бап. Навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды қадағалау

1. Навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды қадағалау Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жасалған, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Навигациялық пломбаларды салу және алып тастау орындары, навигациялық пломбаларды салатын (алып тастайтын) және осындай салу (алып тастау) кезінде қатысатын адамдар, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында навигациялық пломбаларды салу (алып тастау) жөніндегі операциялар және навигациялық пломбаларды пайдаланып қадағалауды жүзеге асыру кезінде құжаттарды (мәліметтерді) беру тәртібін қоса алғанда, оларды жасау тәртібі, осындай құжаттарды (мәліметтерді) сақтау, сондай-ақ навигациялық пломбаға бұрын жазылған ақпаратты жою (өшіру) тәртібі Еуразиялық экономикалық одақ құқығында не Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3. Навигациялық пломбалардың сақталуын навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды жүзеге асыратын тасымалдаушылар қамтамасыз етеді.

6-2-бап. Тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы

1. Тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық операторын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды және ол арнаулы құқық субъектісі болып табылады.

2. Тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінің жұмысын тұрақты негізде тәулігіне жиырма төрт сағат бойы, аптасына жеті күн қамтамасыз етеді.

3. Тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінде мәліметтер мен ақпараттың бес жыл бойы сақталуын қамтамасыз етеді. Көрсетілген сақтау мерзімі тасымалдарды қадағалау кезінде пайдаланылған навигациялық пломба істен шығарылған күннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

5. Тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы мен тасымалдаушының, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды қадағалау кезіндегі өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шарттық негізде жүзеге асырылады.

6. Тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы мен кеден ісі саласындағы уәкілетті орган арасындағы навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды қадағалау кезіндегі өзара іс-қимылды (ақпараттық іс-қимылды қоса алғанда) жүзеге асыру тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды."

11. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

50-баптың 4-тармағының екінші бөлігі 16) тармақшасындағы "құжаттарды беруі банк құпиясын жария ету болып табылмайды." деген сөздер "құжаттарды беруі;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығы, қаржы ұйымдары, төлем ұйымдары, ұялы байланыс операторлары, қылмыстық қудалау органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, уәкілетті орган арасында алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу банк құпиясын жария ету болып табылмайды."

12. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 14) тармақшасы "қоймалардан" деген сөзден кейін "және ұялы байланыс операторларының меншігі болып табылатын телекоммуникациялық жабдықтан" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 40-баптың 4-тармағы сегізінші абзацындағы "инженерлік жүйелер жатады." деген сөздер "инженерлік жүйелер;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"ұялы байланыс операторларының меншігі болып табылатын телекоммуникациялық жабдықтар жүйелері жатады."

13. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 27-баптың 1-тармағында:

б) тармақшадағы "құрылыстарды" деген сөз "құрылысжайларды, оның ішінде байланыс құрылысжайларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "республикалық маңызы бар қаланың, астананың" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-3), 7-4) және 34-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-3) ұялы немесе спутниктік байланыс операторларының ұялы немесе спутниктік байланыс жабдығына арналған антенна-дінгекті құрылысжайларды және (немесе) тіреуіштерді салуы үшін олардың өтініші бойынша электрмен жабдықтау жүргізілген орындарды береді;

7-4) шұғыл қызметтер жүйелерінің үздіксіз жұмысын ұйымдастыруды және бақылауды қамтамасыз етеді;"

"34-1) бюджет қаражаты есебінен салынған телекоммуникациялар және кәбілдік кәріз желілеріне түгендеу жүргізеді, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүліктік жалдауға (жалға) береді;"

2) 31-баптың 1-тармағында:

б) тармақшадағы "құрылыстарды" деген сөз "құрылысжайларды, оның ішінде байланыс құрылысжайларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) ұялы немесе спутниктік байланыс операторларының ұялы немесе спутниктік байланыс жабдығына арналған антенна-дінгекті құрылысжайларды және (немесе) тіреуіштерді салуы үшін олардың өтініші бойынша электрмен жабдықтау жүргізілген орындар береді;

7-2) шұғыл қызметтер жүйелерінің үздіксіз жұмысын ұйымдастыруды және бақылауды қамтамасыз етеді;"

14. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 49-1) тармақшамен толықтырылсын:

"49-1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы автоматтандырылған тізілім (бұдан әрі – автоматтандырылған тізілім) – мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған, осы Заңға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілері туралы мәліметтерді қамтитын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттық жүйенің компоненті;"

2) мынадай мазмұндағы 9-2-баппен толықтырылсын:

"9-2-бап. Байланысты қамтамасыз ету жөніндегі талаптар

Қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) аймақта орналасқан құрылысжайды, ғимаратты жобалау және салу кезінде тапсырыс беруші:

талшықты-оптикалық байланыс желілерін жүргізуді;

байланыс құралдарын орналастыру мен қосу мақсатында байланыс операторларына арналған микроклиматты басқару жүйесі (желдету, кондиционерлеу және басқалары) бар жеке үй-жаймен қамтамасыз етеді.

Осындай құрылысжайлар мен ғимараттардың меншік иелері байланыс операторларының тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді.";

3) 31-3-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жедел ден қою шаралары анықталған бұзушылықтарды жою туралы тиісті хабарлама орындалмаған жағдайда қолданылады.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұру;

5) рұқсаттан және (немесе) рұқсатқа қосымшадан айыру (оны қайтарып алу).";

6-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тексеру автоматтандырылған тізілім арқылы жүзеге асырылған жағдайда жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулы осы автоматтандырылған тізілімде автоматты режимде ресімделеді.";

9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тексеру автоматтандырылған тізілім арқылы жүзеге асырылған кезде тексеру нәтижелері туралы акт ресімделмейді.";

4) мынадай мазмұндағы 31-4 және 32-2-баптармен толықтырылсын:

"31-4-бап. Автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы мемлекеттік бақылау

1. Автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы мемлекеттік бақылау "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру нысанында жүзеге асырылады. Тексеру сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектісі туралы, оның ішінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы алынған мәліметтерді мониторингтеу арқылы тұрақты негізде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасының талаптарын бұзушылық анықталған жағдайда, берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша автоматтандырылған тізілім:

1) хабарламаның жасалған күні мен нөмірін;

2) мемлекеттік органның атауын;

3) бақылау мен қадағалаудың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектісінің (объектісінің) атауын, оның орналасқан жерін;

4) анықталған бұзушылықтарды және оларды жою туралы талаптарды орындау мерзімі көрсетілген талаптарды;

5) лауазымды адамның қолтаңбасын көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны қалыптастырады және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектісіне жібереді.

3. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, осы Заңның 31-3-бабына сәйкес рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұру түріндегі жедел ден қою шаралары қолданылады.

Рұқсаттан және (немесе) рұқсатқа қосымшадан айыру (оны қайтарып алу) осы Заңның 31-3-бабына сәйкес рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұру түріндегі жедел ден қою шарасын орындамағаны үшін жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасының талаптарын бір жыл ішінде екі рет және одан да көп бұзған жағдайда сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектісіне осы Заңның 31-3-бабына сәйкес рұқсаттан және (немесе) рұқсатқа қосымшадан айыру (оны қайтарып алу) түріндегі жедел ден қою шаралары қолданылады.

4. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама және жедел ден қою шараларын автоматты режимде қолдану туралы қаулы автоматтандырылған тізілім арқылы қалыптастырылады және пайдаланушының "электрондық үкімет" веб-порталындағы және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттық жүйедегі жеке кабинеттеріне жіберіледі.";

"32-2-бап. Автоматтандырылған тізілім

1. Автоматтандырылған тізілімге сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке, заңды тұлғалар туралы мәліметтер мен деректер енгізіледі.

2. Автоматтандырылған тізілімді жүргізу тәртібін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.";

5) 47-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көлік және инженерлік инфрақұрылымдарды және байланыс желілерін орналастыруды қоса алғанда, табиғи-климаттық, қалыптасқан және болжанып отырған демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар ескеріле отырып, елді мекеннің аумағын дамытудың негізгі бағыттары;"

6) 47-1-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) байланыс құрылысжайларын, байланыс желілерін және инженерлік инфрақұрылымның басқа да объектілерін салу жоспарлары, сондай-ақ байланыс мұқтаждары үшін аумақты резервке қою.";

7) 60-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасындағы "байланыс, жарықтандыру тіректерін" деген сөздер "байланыс, жарықтандыру құрылысжайларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 68-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "антенна-діңгекті құрылысжайларды және (немесе) тіреуіштерді" деген сөздер "байланыс құрылысжайларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 73-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысы бойынша аяқталған жол жұмыстарын пайдалануға қабылдауды автомобиль жолдары бойындағы талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысына тапсырыс беруші олар толық әзір болған кезде жүргізеді және ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады."

15. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 9-баптың 2-тармағындағы "құрылыстарды және (немесе) тіреуіштерді," деген сөздер "құрылысжайларды және (немесе) тіреуіштерді, талшықты-оптикалық байланыс желілерін," деген сөздермен, "құрылыстар" деген сөз "құрылысжайлар" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 14-бапта:

1-тармақтың екінші сөйлемі "ұйымдастыру үшін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ автомобиль жолдары бойында талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын дамытуды, реконструкциялауды және жөндеуді жоспарлау кезінде автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша, кейіннен байланыс саласындағы уәкілетті органның күтіп-ұстауына бере отырып, талшықты-оптикалық байланыс желілері салынуы мүмкін."

16. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 1-тармағында:

2) тармақша "әзірлейді" деген сөзден кейін "және бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша алып тасталсын.

17. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 28-1) және 32) тармақшалары алып тасталсын;

2) 14-1-бап алып тасталсын;

3) 45-баптың 6-тармағы алып тасталсын.

18. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бапта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) байланыс желісін басқару – байланыс желісінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оны конфигурациялауға, оның ішінде желілік трафик ағынын реттеуге бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жиынтығы;"

мынадай мазмұндағы 13-1) және 22-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"13-1) байланыс желісін басқару орталығы – байланыс желісін басқаруға немесе байланыс желісі құрамында байланыс торабын қалыптастыруға арналған бағдарламалық-аппараттық және ұйымдастырушылық-техникалық құралдар кешені;"

"22-1) бірлесіп пайдалану тіреуіштері – телекоммуникация құралдарын және (немесе) өзге де инженерлік инфрақұрылым объектілерін, ақпараттық мақсаттағы құрылғыларды бір мезгілде орналастыруға арналған байланыс құрылысжайлары;"

23) тармақшадағы "отырып және жалғаудың үлгілік шартына сәйкес" деген сөздер "отырып," деген сөзбен ауыстырылсын;

36-4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 40-4) тармақшамен толықтырылсын:

"40-4) мобильді байланыс станциясы – байланыспен қамтудан тыс аймақтарды байланыс желісімен қамтамасыз етуге арналған жылжымалы байланыс құралы;"

47) тармақша "бөліп беруді," деген сөздерден кейін "қайта бөліп беруді," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 48-1) тармақшамен толықтырылсын:

"48-1) радиожилік спектрін қайта бөліп беру (пайдалануды қайта орнату) – байланыс саласындағы перспективалық технологияларды іске асыру, радиожилік спектрін тиімді пайдалану мақсатында қолданып отырған пайдаланушыға босатылған жилік диапазонының орнына жилік диапазондарының радиожилік спектрін бере отырып, берілетін жилікке ауысу үшін қажетті барлық шығындарын өтеп, иелікке берілген қолда бар жиліктерді қандай да бір нақты жиліктер белдеуінен толық немесе ішінара шығаруға бағытталған шаралар кешені;"

67-5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"67-5) ұялы байланыстың виртуалды операторы – ұялы байланыс қызметтерін көрсету үшін бір немесе бірнеше ұялы байланыс операторларының инфрақұрылымын пайдаланатын байланыс операторы;"

мынадай мазмұндағы 67-6) және 70-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"67-6) ұялы немесе спутниктік байланыс жабдығына арналған тіреуіштер – жерге тереңдетіп көмілген іргетас түріндегі берік байланысы жоқ, ұялы немесе спутниктік байланыс жабдығын орналастыруға арналған байланыс құрылысжайлары;"

"70-1) хабарламаларды кеңінен таратып беру технологиясы – белгілі бір географиялық аймақта ақпараттық хабарламаларды дереу жеткізуге арналған ұялы байланыс желілерінде мәтіндік хабарламаларды жаппай тарату;"

2) 6-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Байланыс саласындағы қызметті мемлекеттік реттеудің және бақылаудың мақсаты мен міндеттері";

мынадай мазмұндағы бірінші бөлікпен толықтырылсын:

"Байланыс саласының тұрақты және тиімді жұмыс істеуі байланыс саласындағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің мақсаты болып табылады.";

3) 8-баптың 1-тармағында:

3), 5), 6), 7), 10), 18), 19), 19-1), 19-6), 19-9) және 19-16) тармақшалар алып тасталсын;

19-17) тармақшадағы ", қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына келетін пайда мөлшерлемесін есептеу жөніндегі нұсқаулықтарды" деген сөздер алып тасталсын;

19-19) тармақша алып тасталсын;

19-20) және 19-21) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"19-20) конкурс (немесе аукцион) өткізу арқылы бөліп беру үшін радиожилік органдары айқындаған диапазондарда Қазақстан Республикасында жиіліктер белдеулерін, радиожиліктерді (радиожилік арналарын) бөліп беру жөніндегі конкурстарды (немесе аукциондарды) ұйымдастыру және өткізу, конкурстар (немесе аукциондар) шарттарын, оларға қатысушыларға қойылатын талаптарды айқындау;

19-21) бірлесіп пайдалану тіреуіштеріне телекоммуникация құралдарын орналастыру тәртібін бекіту;"

мынадай мазмұндағы 19-22) және 19-23) тармақшалармен толықтырылсын:

"19-22) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісу бойынша заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдардың, оның ішінде байланыс сигналдарын күшейткіштердің, жоғары жиілікті құрылғылардың, радиосигналды бұғаттауға арналған арнаулы техникалық жабдықтың жұмысын анықтау және оның жолын кесу қағидаларын бекіту;

19-23) Қазақстан Республикасының аумағында байланыс инфрақұрылымының қолжетімділігін ұйымдастыру;"

4) 9-1-баптың 1-тармағы 6) тармақшадағы "қолдап отыруды жүзеге асырады." деген сөздер "қолдап отыруды;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) Қазақстан Республикасында радиожилік спектрін қайта бөліп беру (пайдалануды қайта орнату) жөніндегі іс-шараларды техникалық қолдап отыруды;

8) ұялы байланыс желілерінің жиілік-аумақтық жоспарларын келісуді жүзеге асырады.";

5) 11-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Радиожиілік спектрін бөліп беру, сондай-ақ радиожиілік спектрін және байланыс спутниктерінің орбиталық позицияларын мемлекет мүддесі үшін тиімді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсыныстар дайындауды радиожиілік органдары жүзеге асырады.";

б) 12-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Радиожиілік спектрін бөліп беру Халықаралық электр байланыс одағының Радиобайланыс регламентіне сай, уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының радио қызметтері арасында барлық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарға арналған 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер диапазонында жиілік белдеулерін бөлудің ұлттық кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.";

5-1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ұялы байланыс қызметтерін көрсету үшін, оның ішінде ұялы байланыстың виртуалды операторының қызметі үшін бөлінген радиожиіліктерді бірлесіп пайдалануды қоспағанда, тыйым салынады. Радиожиіліктерді бірлесіп пайдалану шартпен ресімделеді.";

6-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган байланыс операторларының мүгедектігі бар адамдарға жеңілдікті тарифтер ұсыну жөніндегі қосымша міндеттемелерін белгілей алады.";

8-1-тармақ 5) тармақшадағы "болмағанда, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тоқтатылады." деген сөздер "болмағанда;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6), 7), және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) уәкілетті органның:

байланыс саласындағы перспективалық технологияларды іске асыру;

радиожиілік спектрін перспективалық пайдалану жоспарларына сәйкес радиожиілік спектрін, жиілік белдеулерін тиімді пайдалану мақсатында радиожиілік спектрін қайта бөлуді жүргізу туралы шешімі бойынша;

7) дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылғанда немесе заңды тұлға таратылғанда;

8) байланыс операторы Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат алған күннен бастап алты ай ішінде радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану туралы хабарламаны және азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігінің есептемесін ұсынбағанда, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тоқтатылады.";

9-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

7) 14-бап мынадай мазмұндағы 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Байланыс операторлары әлеуметтік сипаттағы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қаупі төнген және (немесе) туындаған кезде, сондай-ақ

төтенше жағдай енгізілген кезде жедел штабтардың сұратуы бойынша олардың иелігіне мобильді байланыс станцияларын беруге міндетті.

6. Ұялы байланыс операторлары өз желілерінде кеңінен хабар тарату технологиясының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.";

8) 18-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер байланыс қызметі радиожилік спектрі көлемінің жеткіліксіз болуына байланысты радиожилік органдары белгілі бір аумақта жұмыс істейтін байланыс операторларының ықтимал саны бойынша шектеу қойған диапазондағы радиожиліктер пайдаланыла отырып көрсетілетін болса, радиожилік ресурсын пайдалану құқығы жиілік белдеулері, радиожиліктер (радиожилік арналары) конкурс (немесе аукцион) негізінде бөліп берілгеннен кейін беріледі. Бұл ретте байланыс операторына радиожилік спектрін пайдалануға арналған рұқсатта көрсетілетін аумақтарды не елді мекендерді байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер жүктеледі.

2. Конкурс (немесе аукцион) өткізу туралы шешімді уәкілетті орган осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылдайды.

Конкурс (немесе аукцион) осындай шешім қабылданғаннан кейін алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі.";

9) 20-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі "шекті деңгейін реттейді." деген сөздер "шекті деңгейін;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) байланыс құралдарын, сондай-ақ талшықты-оптикалық байланыс желілерін тарту үшін электр берудің әуе желілерінің тіреуіштерін орналастыру үшін орындарды мүліктік жалдауға (жалға беруге) арналған шекті тарифтерді реттейді.";

10) 21-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Барлық санаттағы желілердің байланыс операторларының Қазақстан Республикасының аумағында байланыс желісін басқару орталығының болуы міндетті." ;

7-тармақтың үшінші бөлігіндегі "Шифрланған, құпияландырылған, кодталған байланыс желілерін және арнаулы" деген сөздер "Арнаулы" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 25-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Шет мемлекеттің аумағындағы шетелдік спутниктік операторлардың жерүсті телекоммуникация желілері арқылы спутниктік байланысты ұйымдастыру осы Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.";

12) 26-бапта:

1-тармақтағы ", оның үлгі нысанын уәкілетті орган бекітеді" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Ұялы байланыстың виртуалды операторлары "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен рұқсат алған жағдайда көрсетілетін байланыс қызметтерін ұсынуға құқылы.";

13) 28-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

14) 29-бапта:

4-2-тармақта:

бірінші бөліктегі "шарт негізінде" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері жиналыста ұялы байланыс операторларына телекоммуникациялық жабдықты орнату үшін "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің бір бөлігін мүліктік жалдауға (жалға) беру туралы шешім қабылдайды не осындай өкілеттік береді.";

4-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-3. Байланыс операторлары шарт негізінде инженерлік инфрақұрылым объектілерін, бірлесіп пайдалану тіреуіштерін, өзге де телекоммуникация құралдары мен байланыс желілерін бірлесіп пайдалана алады.";

мынадай мазмұндағы 4-4-тармақпен толықтырылсын:

"4-4. Байланыс операторлары және (немесе) телекоммуникация желілерінің иелері ауылдық елді мекендерде Интернет желісіне сымсыз қол жеткізуді ұйымдастыру үшін ұялы байланыс операторларына шарт негізінде өздерінің телекоммуникациялық инфрақұрылымына қолжетімділік береді.";

6-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Талшықты-оптикалық байланыс желілері электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен электр қондырғыларын орнату қағидаларына сәйкес электр берудің әуе желілерінің тіреуіштері арқылы жүргізілуі мүмкін.

Мемлекет меншігіндегі электр берудің әуе желілерінің тіреуіштері байланыс операторларына "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес беріледі.

Байланыс операторлары тиісінше жай-күйде болмаған электр берудің әуе желілерінің тіреуіштерін жөндеу жөніндегі техникалық шарттарды орындайды.";

15) 6-тарау мынадай мазмұндағы 31-1-баппен толықтырылсын:

"31-1-бап. Табиғи монополиялар субъектілерінің кәбілдік кәрізді беруі

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қоспағанда, кәбілдік кәрізді мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру жөніндегі қызметтерді көрсететін табиғи монополиялар субъектілері "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 26-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға міндетті.";

16) 32-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

17) 34-бапта:

тақырыптағы "әмбебап" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп объектілеріндегі байланыс қызметтері уәкілетті орган айқындаған тәртіппен цифрлық технологияларды ендіру мақсатында субсидиялауға жатады."

19. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 19-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

2) 22-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) банктік қарыздар, микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуын кредиттік бюрода не "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы белгілеуге не оны алып тастауға құқылы."

20. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 9-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) баланың туу туралы медициналық куәлігі;"

6-тармақта:

1) тармақша мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"баланың туу туралы медициналық куәлігін;"

2) тармақша мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"баланың туу туралы медициналық куәлігін;"

2) 11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-10) тармақшамен толықтырылсын:

"3-10) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының қызметі және алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын болғызбауға бағытталған шараларды іске асыру мақсатында, сондай-ақ клиенттерді қашықтан биометриялық сәйкестендіру қызметтерін көрсету үшін банкаралық ақша аударымдары жүйесінің операциялық орталығына;"

21. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың 36) тармақшасы алып тасталсын.

22. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 21-4) тармақшасы "ғылыми-техникалық" деген сөздерден кейін ", инновациялық" деген сөзбен толықтырылсын.

23. "Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына

1-баптың 19-2) тармақшасы "ғылыми-техникалық" деген сөздерден кейін ", инновациялық" деген сөзбен толықтырылсын.

24. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

76-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Мемлекет меншігіндегі электр берудің әуе желілерінің тіреуіштері байланыс операторларына өтеусіз пайдалануға, талшықты-оптикалық байланыс желілерін, электр беру желілерін бірлесіп тарту үшін шектеулі пайдалануға берілген жағдайларда мемлекеттік мүлікті өтеусіз пайдалану шарты "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

осы Заңның 18-бабында көзделген аумақтық-әкімшілік бірліктер үшін бір жылдан аспайтын;

осы Заңның 18-1-бабында көзделген аумақтық-әкімшілік бірліктер үшін үш жылдан аспайтын мерзімге жасалады."

25. "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың 13-1) тармақшасындағы "құжаттандыру және" деген сөздер алып тасталсын.

26. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

23-баптың 6-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) басқару орталығы Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан байланыс желілерін оның аумағында құруға және пайдалануға, сондай-ақ осындай байланыс желісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін телекоммуникация құралдарын әкелуге тыйым салынады.

Осы тармақшаның талаптары пилоттық жоба шеңберінде геостационарлық емес спутниктерді қолдана отырып Қазақстан Республикасының аумағында байланыс желілерін пайдалануға қолданылмайды.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтамай, геостационарлық емес спутниктерді қолдана отырып байланыс желілерін пайдалану жөніндегі пилоттық жоба 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Геостационарлық емес спутниктерді қолдана отырып байланыс желілерін пайдалану тәртібін байланыс саласындағы уәкілетті орган ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша айқындайды;"

27. "Ғарыш қызметі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-бап мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) ғылыми-зерттеу жұмыстарын және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу.";

2) 9-баптың 1-тармағының 3) және 14) тармақшалары алып тасталсын;

3) 10-баптың 2 және 3-тармақтары алып тасталсын.

28. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

4-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы "ынталандыру" деген сөзден кейін ", сондай-ақ инновациялық қызметті дамытуға жәрдемдесу" деген сөздермен толықтырылсын.

29. "Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

21-баптың 6-тармағы 5) тармақшадағы "ұсынуы микрокредит беру құпиясын ашу болып табылмайды." деген сөздер "ұсынуы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығы, микроқаржы ұйымдары, өзге де қаржы ұйымдары, төлем ұйымдары, ұялы байланыс операторлары, қылмыстық қудалау органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, уәкілетті орган арасында микрокредит беру құпиясын құрайтын, алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша мәліметтер алмасу микрокредит беру құпиясын ашу болып табылмайды."

30. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің мақсаты мен қағидааттары";

мынадай мазмұндағы бірінші бөлікпен толықтырылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушыларға сапалы мемлекеттік қызметтер көрсетілуін қамтамасыз ету мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің мақсаты болып табылады.";

2) 8-баптың 8) және 9) тармақшалары алып тасталсын;

3) 9-бапта:

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді";

12-2) тармақша алып тасталсын;

12-3) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау қағидаларына (бұдан әрі – мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау қағидалары)" деген сөздер "мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау қағидаларына" деген сөздермен ауыстырылсын.

31. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 21-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұлттық палатаның төралқасы (бұдан әрі – төралқа) өз мүшелерінің тақ санынан құралады және оны төраға басқарады.";

екінші бөліктің 2), 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Парламентінің кемінде 5 депутатынан, Қазақстан Республикасының қоғам қайраткерлерінен және (немесе) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін білдіретін республикалық қауымдастықтардың (одақтардың) өкілдерінен;"

"3) төралқа комитеттерінің төрағаларынан;

4) өңірлік кеңестердің төрағаларынан қалыптастырылады.";

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының қоғам қайраткерлері және (немесе) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін білдіретін республикалық қауымдастықтардың (одақтардың) өкілдері;"

3) тармақшадағы "депутаттары;" деген сөз "депутаттары төралқа мүшелері лауазымына сайланады және лауазымынан босатылады." деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақша алып тасталсын;

2) 22-баптың 4-тармағының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комитеттер төрағалары лауазымына кандидаттарға қойылатын талаптар және оларды сайлау тәртібі Ұлттық палатаның жарғысында белгіленеді.".

32. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 51-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүзеге асырылатын рұқсат беру бақылауын жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, онда мұндай бақылау Қазақстан Республикасының осындай заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 1-қосымшаның 12-жолының 3-бағаны мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Геостационарлық емес байланыс спутниктері қолданылатын спутниктік байланыс.";

3) 2-қосымшаның 1-сыныбы мынадай мазмұндағы 87-14-жолмен толықтырылсын:

"

87-14.	Ұялы байланыстың виртуалды операторына рұқсат беру	Ұялы байланыстың виртуалды операторына рұқсат	
--------	--	---	--

”.

33. "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері туралы" 2014 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздер "Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Басқарушы комитеттің Төрағасы" деген сөздер "ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын.

34. "Қайырымдылық туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 13) тармақшасы "ғылымды," деген сөзден кейін "инновацияларды," деген сөзбен толықтырылсын;

2) 2-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы "ғылым" деген сөзден кейін "және инновациялық қызмет" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 20-баптың 3-тармағы "ғылым," деген сөзден кейін "инновациялар," деген сөзбен толықтырылсын;

4) 28-баптың 1) тармақшасы "ғылым" деген сөзден кейін "және инновациялық қызмет" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 30-1-баптың 2) тармақшасы "ғылым" деген сөзден кейін "және инновациялық қызмет" деген сөздермен толықтырылсын.

35. "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

33-1) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

55-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"55-2) ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесі" – бірыңғай портал арқылы инновациялық қызмет пен инновацияларды қолдау шараларына қолжетімділікті қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе. Автономды кластерлік қор ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесін" құруды, дамытуды және қолдап отыруды қамтамасыз етуге уәкілетті ұйым болып табылады;"

мынадай мазмұндағы 55-4) тармақшамен толықтырылсын:

"55-4) цифрлық құжаттар сервисі – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі.

Мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар пайдаланатын және оларға ұсынылатын цифрлық құжаттар сервисіндегі құжаттардың қағаз жеткізгіштегі құжаттармен мәні бірдей;"

2) 7-бапта:

10), 20), 23), 25), 30) 37), 38), 50), 52) және 54) тармақшалар алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 63-7) тармақшамен толықтырылсын:

"63-7) ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесін" басқаруды, жүргізуді, қолдап отыруды, оның жұмыс істеуін және пайдаланылуын қамтамасыз етеді;"

3) 9-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;"

мынадай мазмұндағы 17-6) тармақшамен толықтырылсын:

"17-6) "электрондық үкімет" архитектурасын іске асыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесін" дамытуға қатысады;"

4) 10-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;"

5) 12-бапта:

10), 14) және 15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) ақпараттандыру саласында инвестициялық ұсыныстың, бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесінің, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісін және "электрондық үкімет" архитектурасын құру мен дамытуға арналған техникалық тапсырманың сараптамасын жүргізеді;"

"14) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру мен дамыту жөніндегі жобаларды басқаруды, сондай-ақ стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асыру жөніндегі жобаларды басқаруды жүзеге асырады;

15) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру мен дамыту, деректерді басқару, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру кезіндегі жобалық басқару кезінде мемлекеттік органдарға консультациялық, әдіснамалық және практикалық көмек көрсетеді;"

22) тармақша алып тасталсын;

6) 13-баптың 1-тармағының 1 және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;"

"4) уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсетеді;"

7) 3-тарау мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

"20-1-бап. Жай электрондық қолтаңбаны пайдалану

1. Жай электрондық қолтаңба кодтарды, парольдерді немесе өзге де сәйкестендіру құралдарын пайдалану арқылы адамның қолтаңбасын растаудың электрондық-цифрлық түрі болып табылады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілері шетелдіктермен, шетелдік заңды тұлғалармен, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде жай электрондық қолтаңбаны пайдалануға құқылы.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариаттық куәландыруға немесе міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын мәмілелерді және тізбесін уәкілетті орган бекітетін мәмілелерді қоспағанда, мынадай жағдайлар орындалған кезде:

1) мәміле тараптары арасында өзара мәмілелер жасау кезінде жай электрондық қолтаңбаны пайдалану туралы жазбаша нысанда келісімге қол жеткізілсе;

2) мәміле тараптары жазбаша нысандағы өзара келісіммен жай электрондық қолтаңба арқылы өзара жасалған мәмілелердің түпнұсқалығы мен жарамдылығын таныса, мәмілелерге қол қоюға өкілеттігі бар тұлғаның жай электрондық қолтаңбасы арқылы куәландырылған мәмілелердің қол қойылған қағаз жеткізгіштердегі құжаттармен мәні бірдей болады.

Осы баптың талаптары пилоттық жоба шеңберінде 2026 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады.";

8) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. "Электрондық үкімет" архитектурасы

"Электрондық үкімет" архитектурасын қалыптастыру, оның іске асырылуын мониторингтеу және дамыту "электрондық үкімет" архитектурасын қалыптастыру және оның іске асырылуын мониторингтеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

"Электрондық үкімет" архитектурасын дамыту ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар ескеріліп қамтамасыз етіледі.";

9) 31-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар, квазимемлекеттік сектор субъектілері "электрондық үкімет" архитектурасын қалыптастыру және оның іске асырылуын мониторингтеу қағидаларына сәйкес "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталында ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді және олардың техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастырады.

Орналастыру талап етілетін ақпараттандыру объектісінің техникалық құжаттамасының тізбесі "электрондық үкімет" архитектурасын қалыптастыру және оның іске асырылуын мониторингтеу қағидаларында айқындалады.";

10) 38-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "электрондық үкімет" архитектурасын, сондай-ақ деректерді басқару жөніндегі талаптарды;"

11) 60-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органын қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстардың есеп-қисаптарын мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесіне орналастырады."

36. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 7-2) және 7-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-2) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы – алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы клиенттің ақшасын жымқыруға бағытталған үшінші бір тұлғалардың әрекеттері нәтижесінде жүзеге асырылған төлем және (немесе) ақша аударымы (осындай төлемді және (немесе) ақша аударымын жасауға әрекеттенуді, орындалу процесіндегі төлемді және (немесе) ақша аударымын қоса алғанда);

7-3) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығы (бұдан әрі – антифрод-орталық) – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын болғызбауға бағытталған шараларды жүзеге асыратын заңды тұлғасы;"

2) мынадай мазмұндағы 25-1-баппен толықтырылсын:

"25-1-бап. Антифрод-орталық

1. Антифрод-орталық:

1) қаржы ұйымдарынан, төлем ұйымдарынан, ұялы байланыс операторларынан және қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен, алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша оқиғалар мен әрекеттенулер туралы мәліметтерді жинауды, шоғырландыруды және сақтауды жүзеге асырады;

2) белгіленген өлшемшарттарға сәйкес алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларына жатқызылған, қаржы ұйымдарына, төлем ұйымдарына, ұялы байланыс операторларына, қылмыстық қудалау органдарына қажетті, төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жөніндегі деректерді өңдейді және талдайды;

3) алаяқтық белгілері бар төлем операцияларын болғызбау үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде қатерлер, осал тұстар, оқиғалардың туындауының алғышарттары,

сондай-ақ олардың алдын алу және зардаптарын жою әдістері туралы ақпаратты қаржы ұйымдарына, төлем ұйымдарына, ұялы байланыс операторларына, қылмыстық қудалау органдарына ұсынады;

4) қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, өз қызметі процесінде алынған ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды сақтаудың, қорғаудың тиісті режимін және олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындаған өзге де функцияларды орындайды.

2. Қаржы ұйымы, төлем ұйымы төлемді және (немесе) ақша аударымын (осындай төлемді және (немесе) ақша аударымын жасауға әрекеттенуді, орындалу процесіндегі төлемді және (немесе) ақша аударымын қоса алғанда):

1) егер алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын анықтағаны туралы клиенттің өтініші болса;

2) егер қылмыстық қудалау органынан расталған ақпарат болса;

3) егер қаржы ұйымының, төлем ұйымының ішкі құжаттарына сәйкес осындай негіздер болса;

4) егер төлемнің және (немесе) ақша аударымының бенефициары алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыру оқиғалары мен әрекеттену туралы дерекқорда болса, алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы деп таниды.

3. Антифрод-орталықтың қызметін жүзеге асыру және антифрод-орталықтың антифрод-орталық қызметіне қатысатын тұлғалармен өзара іс-қимыл тәртібіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Қаржы ұйымдары, төлем ұйымдары, ұялы байланыс операторлары, қылмыстық қудалау органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган антифрод-орталықтың қызметіне қатысатын тұлғалар болып табылады.

4. Қылмыстық қудалау органы антифрод-орталықтан алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы жөніндегі хабарды (ақпаратты) алған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде қаржы ұйымдарын, төлем ұйымдарын төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздердің бар екені және төлемді одан әрі тоқтата тұру не төлемді және (немесе) ақша аударымын қайта бастауға негіздердің жоқтығы туралы хабардар ету қажеттілігі туралы антифрод-орталыққа хабарлайды. Қылмыстық қудалау органы үш жұмыс күні ішінде одан әрі іс-қимыл жасау жөнінде хабарламаған жағдайда, қаржы ұйымдары, төлем ұйымдары, егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, осы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға кедергі келтіретін өзге де негіздер болмаса, осы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырады.

5. Қаржы ұйымы, төлем ұйымы алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы анықталған кезде мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

1) нұсқаудың орындалуын тоқтата тұрады және (немесе) ақша сомасын үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бұғаттайды;

2) клиентпен жасалған шартта белгіленген тәртіппен клиентке себептері мен негіздерін көрсете отырып, нұсқауды орындауды тоқтата тұру және (немесе) төлемді және (немесе) ақша аударымын бұғаттау туралы ақпарат береді;

3) кейін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген іс-шараларды жүргізу үшін қылмыстық қудалау органына алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы бойынша ақпаратты жіберу үшін антифрод-орталыққа хабарлама жібереді;

4) үш жұмыс күні өткеннен кейін қылмыстық қудалау органының төлемді және (немесе) ақша аударымын одан әрі тоқтата тұру туралы не мұндай төлемді және (немесе) ақша аударымын тоқтата тұру қажеттілігінің жоқ екендігі туралы шешімі алынбаған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, осы төлемді және (немесе) ақша аударымын жасауға кедергі келтіретін өзге де негіздер болмаса, осы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырады.

6. Қаржы ұйымдары, төлем ұйымдары антифрод-орталықтан алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларына қатысы бар адамдар туралы ақпарат алған кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған мерзімдерде және тәртіппен нұсқауларды орындаудан бас тартады немесе тоқтата тұрады.

7. Антифрод-орталық және антифрод-орталықтың қызметіне қатысатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

8. Қаржы ұйымдары, төлем ұйымдары алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын жүзеге асырудың барлық оқиғалары және (немесе) әрекеттенулер туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған нысан бойынша, мерзімдерде және тәртіппен антифрод-орталыққа жіберуге міндетті.

9. Антифрод-орталық қылмыстық қудалау органдарына алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректерді, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын деректерді беруге құқылы.

10. Антифрод-орталық алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыру оқиғалары мен әрекеттену туралы дерекқорды қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады, оларға антифрод-орталықтың қызметіне қатысатын тұлғалардың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен нақты уақыт режимінде қол жеткізуін ұсынады.

11. Антифрод-орталық клиенттің келісімінсіз қаржы ұйымдарымен, төлем ұйымдарымен, ұялы байланыс операторларымен, қылмыстық қудалау органдарымен

деректер алмасуды, клиент-жеке тұлға, оның жеке сәйкестендіру нөмірі, банктік шотының және (немесе) төлем карточкасының нөмірі, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтерді және клиентті және оның қатысуымен болатын төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын сәйкестендіру үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын, алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректерді өңдеуді жүзеге асырады.";

3) 50-баптың 4-тармағындағы "қылмыстық жолмен" деген сөздер "төлемдер және төлем жүйелері, қылмыстық жолмен" деген сөздермен ауыстырылсын.

37. "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

26-баптың 2-тармағы бірінші бөлігі 26) тармақшасының бірінші бөлігі "1 және 2-тармақтарында" деген сөздерден кейін ", "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 29-бабының 6-1-тармағында" деген сөздермен толықтырылсын

38. "Өнеркәсіптік саясат туралы" 2021 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

24-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиісті саланы технологиялық болжамдауды жүзеге асыру, нысаналы технологиялық бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу, әлемдік технологиялық трендтерді мониторингтеу, жеделдетілген технологиялық даму үшін ағымдағы жағдайлар мен бәсекелестік артықшылықтарды, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қажеттіліктері мен мүдделілігін айқындау, тиісті саланың кәсіпкерлік субъектілері арасында инновациялық қызметтің үздік практикалары мен тәжірибесін таратуға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасына шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру технологиялық құзыреттердің салалық орталықтарының негізгі міндеттері болып табылады."

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6, 8, 10 және 17-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ